

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік
бірлестік -Жобаларды басқару тобы «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша білім беру
бағдарламаларын сәйкестендіру» тақырыбындағы кеңесінің**

№ 1 хаттамасы

Алматы қ. Онлайн/офлайн режимде

27 қаңтар 2023жыл

Қатысқандар: РОӘБ-ЖБТ мүшелері (онлайн форматта 128,
офлайн форматта 38)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО арасындағы Академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларын оңтайландыру (баяндамашы – ҚазҰАЗУ Академиялық мәселелер жөніндегі Атқарушы директор Қайырбаева А.Е.);
2. Оқу басылымдарын «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ грифіне ұсыну (ЖБТ администраторы- ОӘБ хатшысы – Ж.Кенжебекова);
3. Әр түрлі мәселелер:
«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ құрамын бекіту;
«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес отырысын РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары А. Қайырбаева кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол, ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі 29 қараша 2022 жылғы №1550/04-322 хатында келтірілген Ауыл шаруашылығы саласындағы жаңартылған кәсіби стандарттарға сәйкес «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларын жаңарту немесе жаңадан әзірлеу қажеттілігі туындап отырғандығын атап өтті.

Жаңартылуды талап етіліп отырған білім беру бағдарламалары еліміздің 22 жоғары оқу орынында (6B081-Агрономия білім бағдарламалар тобы еліміздің 16 ЖОО; 6B082-Мал шаруашылығы - 12 ЖОО; 6B083- Орман шаруашылығы – 8; 6B084-Балық шаруашылығы -5; 6B087-Агроинженерия -9; 6B086-Су ресурстары және суды пайдалану -7; 6B091-Ветеринария -9) оқытылатындығына тоқталып өтті.

Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО арасындағы Академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларын оңтайландыру жұмыстарын жүргізу қажет, - деді А.Қайырбаева кіріспе сөзінде.

Күн тәртібіндегі алғашқы сұрақ бойынша университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі Атқарушы директоры А.Қайырбаева баяндама жасады. Ол, «ҚазҰАЗУ-де Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде (ЕСУВОға) бакалавриат деңгейінде - 59 ББ, магистратурада бойынша - 89 ББ, докторантура деңгейіне сәйкес - 21 ББ бар.

Барлығы 169 білім беру бағдарламалары, оның ішінде 139 қолданыстағы, 10 инновациялық және 20 жаңа ББ іске асырылуда» - деп атап өтті.

Сонымен қатар, ол жоғарғы оқу орындарына академиялық еркіндік бере отырып, әрбір жоғарғы оқу орны өзінің білім беру бағдарламаларын әзірлейді және жоғары оқу орны компонентінің модулін әр түрлі тізілімде (ЕСУВО) тіркейді, бұл білім алушыларға басқа жоғарғы оқу орындарына ауыстыру кезінде пәндердің бір-біріне сәйкес келмеу мәселесін және республика бойынша ішкі академиялық ұтқырлықты іске асыруға қиындығын туғызатындығына назар аударды.

Сондықтан да, 29 қараша 2022 жылы Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының жолдаған хаты негізінде Ауыл шаруашылығы және биоресурстар білім беру саласының кәсіби стандарттардың жаңартылуына байланысты білім беру бағдарламаларын оңтайландыру немесе жаңа ББ құрастыру жұмыстарын жетілдіргенде де ЖОО компонентінің модулдерін сәйкестендіру қажет. Ол үшін даярлау бағыттары бойынша құрылатын академиялық комитеттер тығыз ҚР БҒМ РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігіне кіретін жоғарғы оқу орындарымен ББ әзірлегенде тығыз байланыста болу керек, - деді сөзінің соңында А.Қайырбаева.

Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО арасындағы білім беру бағдарламаларын оңтайландыру мақсатында РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары РОӘБ (ЖБТ) кенесінде ашық талқыға салуды ұсынды.

Тақырыпқа ашық талқылау жұмысын жүргізу мақсатында 6B081, 7M081, 8D081 Агрономия даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Топырақтану және агрохимия» кафедрасының профессоры Балғабаев Алимбай Мәдибекұлына берілді.

6B081-Агрономия даярлау бағыты бағдарламасы еліміздегі 16 ЖОО оқытылады, соның ішінде негізгі 3 ЖОО арасындағы айырмашылықтарға тоқтала кетсем, және ЖОО компонентіндегі пәндер және кредит саны бойынша да айырмашылықтар баршылық. Сондықтан болашақта ЖОО білім алушылардың ауысуы барысында және ұтымды академиялық ұтқырлықты іске асыруда қиындықтар туындамас үшін факультет деңгейінде талқылай келе, келесі пәндердің қалғаны жөн деп есептейміз, - деп сөзін қорытындылады А.Балғабаев.

6B080101-«Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша

№ р/н	ЖООК/ВК атауы	кр. саны
1	Өсімдіктер биологиясы/ Биология растений	5
2	Бейорганикалық және органикалық химия/ Неорганическая и органическая химия	5
3	Жоғары математика/ Высшая математика	5
4	Ауылшаруашылық микробиологиясы/ Сельскохозяйственная микробиология	5
5	Генетика / Генетика	5
6	Топырақтану /Почвоведение	5
7	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану /Эксплуатация машин и оборудования в растениеводстве	5
8	Егіншілік /Земледелие	5

9	Агрохимия	5
10	Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводства	5
11	Ауылшаруашылығы дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау/ Защита сельскохозяйственных культур от вредителей и болезней	5
12	Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығы/ Селекция и семеноводства сельскохозяйственных культур	5
13	Жеміс - көкөніс шаруашылығы / Плодоовощеводство	5
14	Агробизнесті ұйымдастыру /Организация агробизнеса	5
	Барлығы	70

6B080102-«Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы бойынша

№ р/н	ЖООК/ВК атауы	кр. саны
1	Өсімдіктер биологиясы / Биология растений	5
2	Бейорганикалық және органикалық химия/ Неорганическая и органическая химия	5
3	Жоғарғы математика / Высшая математика	5
4	Ауылшаруашылық микробиологиясы/ Сельскохозяйственная микробиология	5
5	Топырақтану/Почвоведение	8
6	Егіншілік /Земледелие	5
7	Жерге орналастыру негіздері / Основы землеустройства	5
8	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану / Эксплуатация машин и оборудования в растениеводстве	5
9	Агрохимия /Агрохимия	7
10	Агробизнесті ұйымдастыру / Организация агробизнеса	5
11	Ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау/ Защита сельскохозяйственных культур от вредителей и болезней	5
12	Жеміс - көкөніс шаруашылығы / Плодоовощеводство	5
13	Өсімдік шаруашылығы / Растениеводство	5
	Барлығы	70

6B080103-«Жеміс-көкөніс шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша

№ р/н	ЖООК/ВК атауы	кр. саны
1	Өсімдіктер биологиясы / Биология растений	5
2	Бейорганикалық және органикалық химия/Неорганическая и органическая химия	5
3	Жоғарғы математика/Высшая математика	5
4	Топырақтану /Почвоведение	5
5	Ауыл шаруашылығы микробиологиясы/Сельскохозяйственная микробиология	5

6	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану/Эксплуатация машин и оборудования в растениеводстве	5
7	Егіншілік/Земледелие	5
8	Агрохимия	5
9	Көкөніс шаруашылығы/Овощеводство	5
10	Жеміс шаруашылығы/Плодоводство	5
11	Агробизнесті ұйымдастыру/ Организация агробизнеса	
12	Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау/Защита от вредителей и болезней плодовоовощных культур	5
13	Көкөніс дақылдарын жылыжайда өндіру/Тепличное производство овощей	5
14	Жеміс-көкөніс дақылдарын сақтау және қайта өңдеу технологиясы/Технология хранения и переработки плодов и овощей	5
	Барлығы	70

6B080104-«Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы бойынша

№ р/н	ЖООК/ВК атауы	кр. саны
1	Өсімдіктер биологиясы / Биология растений	5
2	Бейорганикалық және органикалық химия / Неорганическая и органическая химия	5
3	Жоғары математика / Высшая математика	5
4	Микробиология	5
5	Генетика / Генетика	5
6	Топырақтану / Почвоведение	5
7	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану / Эксплуатация машин и оборудования в растениеводстве	5
8	Егіншілік / Земледелие	5
9	Агробизнесті ұйымдастыру / Организация агробизнеса	5
10	Жалпы энтомология / Общая энтомология	5
11	Жалпы фитопатология / Общая фитопатология	5
12	Өсімдікті биологиялық қорғау / Биологическая защита растений	5
13	Өсімдікті химиялық қорғау / Химическая защита растений	5
14	Ауылшаруашылық өсімдіктерінің карантині / Карантин сельскохозяйственных растений	5
	Барлығы	70

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

«Торайғыров университеті»КЕАҚ, Агротехнология кафедрасының аға оқытушысы Какежанова Зибагуль Ермуратовна сөз алып, 6B080103-«Жеміс-көкөніс шаруашылығы» білім беру бағдарламасына «Өсімдік шаруашылығы» пәні негізгі пәндердің бірі екендігін айта келе, неліктен қосылмағандығы туралы сұрады.

А.Балғабаев ұсынысын ескеретіндігін, негізі ол пән таңдау компоненті ретінде

қосылғандығын, алайда факультетте қайта қарастыратындығын атап өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі Турбекова Арысгуль Сапаралиевна баяндама жасады. Ол, өздеріндегі пәндер Болон орталығында сараптамадан өтетіндігін, пәндер мамандықтың спецификасын ескере отыра қосылатындығын, жоғары математика пәні оқытылмайтындығын, ал агробизнесті ұйымдастыру пәні 2ге бөлініп оқытылатындығын атап өтті. Ұсынысын ескеруді сұрады.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің профессоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Насиев Бейбит Насиевичке сөз кезегі берілді. Ол, жалпы ұсынысқа қосылатындығын, бірақ та әлі де талқылап, соңғы үлгісін даяралау үшін ЖОО хабар алмасып, ортақ шешімін даярлау қажет екендігін ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Бостанова Сауле Куанышпековна сөз алып, оқытылатын пәндердің аталымын халықаралық талаптарға сай қайта қарастыру қажет екендігін атай кетті. Мысалға, өсімдікті зиянкестерден ғана емес сонымен қатар арам шөптерден де арылту қажет, сондықтан пәннің атын өзгерту қажет деп есептеймін, -деп атап өтті.

А.Балғабаев басқа да баяндамашылардың ұсынысын ескеретіндігін, факультет тарапынан басқа да ЖОО байланысқа шығып, талқылап, ортақ шешімге келетіндігін айта кетті.

ТЫҢДАЛДЫ:

6B082, 7M082, 8D082 «Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының профессоры Адылканова Шолпан Рахимбекқызына сөз кезегі берілді.

Ш.Адылканова 6B08201-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы еліміздегі басты 3 ЖОО арасында пәндер бойынша көп айырмашылық жоқ екендігін, тек кейбір пәндердің аталуы мен кредит сандары бойынша айырмашылықтар бар екендігін айта кетті. Сонымен қатар, төмендегі пәндерді ЖОО компонентіне қосса дұрыс болады деп есептейтіндіктерін айтып өтті.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Мал шаруашылығы объектілерін зоогигиеналық негізінде жобалау/Зоогигиена с основами проектирования животноводческих объектов	7
2	Мал өсіру және селекция/Разведение и селекция сельскохозяйственных животных	10
3	Мал азықтандыру/Кормление сельскохозяйственных животных	10
4	Ірі қара мал шаруашылығы, сүт және ет өндіру технологиясы /Скотоводство, технология производства молока и говядины	5
5	Жылқы және түйе шаруашылығы/Коневодство и верблюдоводство	5
6	Қой және ешкі шаруашылығы/Овцеводство и козоводство	5

7	Шошқа шаруашылығы, шошқа өнімдерін өндіру технологиясы/Свиноводство, технология производства свинины	5
8	Құс шаруашылығы/Птицеводство	5

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Бостанова Сауле Қуанышпековнаға сөз беріліп, білім беру бағдарламасын талқылау барысында, біздің ұсыныстарымызды сұраған жоқ, білім беру бағдарламасында фундаментальді пәндер енгізілгендігін, негізгі пәндер азайтылғандығын айта келе, негізінен ортақ шешім қабылдау үшін, тікелей байланысқа шығып, әр университет өз бағдарламасын таныстырғаны дұрыс болатын еді, -деп атап өтті.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, "Мал шаруашылығы және биоресурстар" жоғарғы мектебінің жетекшісі Шукуров Марклен Жексеновичке сөз кезегі берілді. Ол өз сөзінде, кейбір пәндерді, мысалға түйе шаруашылығы, қой шаруашылығы, түйе шаруашылығы т.б. пәндерді алып тастауға болмайтындығын, бірақ та пәндерді оңтайландыру барысында әр аумақтың географиялық жағдайына сәйкес келетін пәндер білім беру бағдарламасына қосылу қажет екендігі және ескерілгені дұрыс болатын еді, - деді.

6B084, 7M084 «Балық шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Ара, құс және балық шаруашылығы» кафедрасының профессоры Альпейсов Шохан Ашеневичке сөз кезегі берілді.

6B08402-«Аквакультура және су биологиялық ресурстары» білім беру бағдарламасы еліміздегі басты 4 ЖОО арасында оқытылатындығын, пәндер бойынша көп айырмашылық жоқ екендігін, тек кейбір пәндердің аталуы мен кредит сандары бойынша айырмашылықтар бар екендігін айта кетті. Сонымен қатар, төмендегі пәндерді ЖОО компонентіне қосса дұрыс болады деп есептейтіндіктерін айтып өтті.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Зоология	5
2	Гидробиология	5
3	Ихтиология	5
4	Аквакультура	5
5	Балық аулау	5
6	Өнеркәсіптік аквакультура және су айдындарындағы экологиялық мәселелерді модельдеу	5
7	Биоиндикация және био-тестілеу	5

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Биология және ауыл шаруашылық пәндері» кафедрасының қауымд.профессоры Сапарова Гулнар Адилбековна сөз алып, Ихтиология және балық шаруашылығы пәндерінен өндірістік практикаға жіберсе және көбірек уақыт бөлінсе деп пікірін білдірді.

ТЫҢДАЛДЫ:

6B083, 7M083, 8D083 Орман шаруашылығы кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының профессоры Абаева Құрманкүл Төлеутайқызына берілді.

Қ. Абаева 6B083, 7M083, 8D083 Орман шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО-мен тығыз байланыста екендігін барлығымен ақылдаса отырып пәндер таңдалғандығын айтып өтті және төмендегі нұсқаны ұсынды.

6B08302- «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Дендрология	7
2	Орман питомниктері/ Лесные питомники	8
3	Орманшылық/ Лесоводство	6
4	Топырақтану/ Почвоведение	5
5	Орман таксациясы/ Лесная таксация	6
6	Орман орналастыру/ Лесоустройство	6
7	Орманды басқару/ Лесоуправление	6
8	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру/ Биотехния и дичеразведение	5

6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Аңшылықтану/Охотоведение	8
2	Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары/ Особо охраняемые природные территории Казахстана	5
3	Орнитология	7
4	Териология	8
5	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру/Биотехния и дичеразведение	5
6	Орманды өсіру және молықтыру/ Лесоразведение и лесовоспроизводство	5

6B08304- «Ландшафттық дизайн және көгалдандыру» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Дендрология	7
2	Орман ботаникасы/Лесная ботаника	5
3	Орманшылық/ Лесоводство	6
4	Ландшафттық таксация/ Ландшафтная таксация	6

5	Ландшафттық дизайнда компьютерлік жобалау /Компьютерное проектирование в ландшафтном дизайне	5
6	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру/ Биотехния и дичеразведение	5

6B08303- «Ағаш өңдеу негіздерімен орман ісі» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Дендрология	8
2	Орман ботаникасы / Лесная ботаника	5
3	Орман питомниктері/ Лесные питомники	6
4	Орман шаруашылығы/ Лесоводство	6
5	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру / Биотехния и дичеразведение	5
6	Ормантану / Лесоведение	6
7	Орман өсіру / Лесовыращивание	6
8	Орман ресурстарын басқару/ Управление лесными ресурсами	6

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі Боранбай Жұмағұл Таңатқанұлына сөз кезегі берілді.

Ж.Боранбай білім беру бағдарламасына енгізілген пәндерді Қ.Абаевамен бірге талқылағандығын, тек кредит саны және кейбір пәндердің аталуы бойынша ұсыныстар бар екендігін атап көрсетті.

Келесі сөз кезегі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Орман, жер және су ресурстарын басқару» жоғарғы мектебінің доцент м.а. Амангелдіқызы Зәмзәгүлге берілді.

З.Аманкелдіқызы білім беру бағдарламасына Құрманкүл Төлеутайқызымен ортақ талқылағандығын, талқылау барысында біраз ұсыныстар болғандығын айта кетті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

ҚР ЭЖТРМ «Орман Шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК директоры Баймуханбетов Санат Серикович сөз алып, факультет деңгейінде мамандық дайындайтын кафедра саны көбейтілсе,-деп ұсыныс білдірді.

Академиялық мәселелер жөніндегі Атқарушы директор А.Қайырбаева кафедра санының азаюы тікелей контингентке байланысты екендігін, соңғы кездерде студенттер саны азайғандықтан соған сәйкес кафедра саны да азаятындығын мәлімдеді.

ТЫНДАЛДЫ:

6B086, 7M086, 8D086 – «Су ресурстары және суды пайдалану» кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының меңгерушісі, Жапаркулова

Ермеккүл Дүкенқызына берілді.

Е.Жапаркулова сөз алып, 6В08601- «Су ресурстарын басқару» білім беру бағдарламасы еліміздің 6 ЖОО оқытылатынына тоқталып, өзгешеліктер негізінен пәннің аталуы мен кредит санында екендігін баяндап өтті. Негізгі кадрларды даярлайтын ЖОО байланыс орнатылғандығын, оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығына тоқталып өтті және төмендегі нұсқаны ұсынды.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Инженерлік геодезия/ Инженерная геодезия	5
2	Математика	5
3	Инженерлік гидрометрия/ Инженерная гидрометрия	5
4	Сызба геометриясы және инженерлік графика/ Начертательная геометрия и инженерная графика	4
5	Геология негіздері және гидрогеология/ Основы геологии и гидрогеологии	5
6	Физика	5
7	Гидравлика	6
8	Гидрология және ағынды реттеу/ Гидрология и регулирование стока	5
9	Су ресурстарын кешенді пайдалану/ Комплексное использование водных ресурсов	7
10	Гидротехникалық құрылымдар/Гидротехнические сооружения	6
11	Негіздер және іргетастар/ Основания и фундаменты	5
12	Ауылшаруашылығын сумен қамту және жайылымды суландыру /Сельскохозяйственное водоснабжение и обводнение пастбищ	6
13	Водные ресурсы и водообеспеченность территории РК/ ҚР территориясының су ресурстары сумен қамтамасыздығы	5

6В08602-«Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау» білім беру бағдарламасы еліміздегі 3 ЖОО кадрлар даярланатындығына тоқтала кетті.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Гидравлика/Гидравлика	8
2	Инженерлік геодезия/ Инженерная геодезия	5
3	Инженерлік гидрометрия/ Инженерная гидрометрия	5
4	Математика/Математика	5
5	Мелиоративтік егіншілік/ Мелиоративное земледелие	5
6	Мелиоративтік топырақтану/ Мелиоративное почвоведение	6
7	Суғару мелиорациясы/Оросительная мелиорация	5
8	Гидротехникалық құрылымдар/Гидротехнические сооружения/	
9	Су ресурстарын кешенді пайдалану/Комплексное использование водных ресурсов	5
10	Жерді баптау және қорғау/ Рекультивация и охрана земель	5
11	Мелиоративтік жүйелерді автоматтандыру және пайдалану/Эксплуатация и автоматизация мелиоративных систем	6

6B08603 – «Гидротехникалық құрылымдарды жобалау» білім беру бағдарламасы 2 ЖОО даярланатындығын атай кетті.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Инженерлік геодезия /Инженерная геодезия	5
2	Математика	5
3	Инженерлік гидрометрия /Инженерная гидрометрия	5
4	Теориялық механика /Теоретическая механика	5
5	Сызба геометриясы және инженерлік графика /Начертательная геометрия и инженерная графика	5
6	Геология негіздері және гидрогеология /Основы геологии и гидрогеологии	5
7	Физика /Физика	5
8	Гидрология және ағынды реттеу /Гидрология и регулирование стока	5
9	Гидравлика /Гидравлика	7
10	Гидротехникалық мелиорация /Гидротехнические мелиорации	7
11	Гидроқұштік қондырғылар /Гидроэнергетические сооружения	5
12	Су ресурстарын кешенді пайдалану /Комплексное использование водных ресурсов	6
13	Гидротехникалық құрылымдар /Гидротехнические сооружения	8

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қ.И.Сәтбаев атындағы «Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті», Гидрогеология инженерлік және мұнай газ геологиясы кафедрасының профессоры Оспанов Кайрат Тулегенович сөз алды. Ол өз сөзінде Су ресурстарын пайдалану білім беру бағдарламасына жер асты су ресурстарын басқару, гидротехникалық құрылымдар, сумен жабдықтау пәндерін қосу қажет деп атап көрсетті.

Қазақ су шаруашылығы ҒЗИ ғылыми—зерттеу жұмыстары жөніндегі директор Балғабаев Нурлан Нурмаханович сөз алды. Гидротехникалық құрылымдарды жобалау ББ гидротехникалық құрылымдар бойынша қанша пән оқытылады? Суды пайдалану және су ресурстарын басқару деген пән атауы түсініксіз, қайта қарастыру қажет. Геодезия, биометрия т.с.с. пәндер оқытыла ма? Бағдарламада неге техникалық пәндер көрсетілмеген? 3 мамандықты 1 ғана кафедра дайындап жатырсыздар, неге?

Е.Жапаркулова көтерілген мәселеге жауап берді, ЖОО компоненті ретінде 2 пән негізгі, басқа 12 пән таңдау компонентінің құрамына кіргендігін, сопромат пәні таңдау компонентіне енгізілгендігін атап өтті. Сонымен қатар, кейбір ұсыныстар алдағы уақытта ескерілетіндігін айта кетті.

ТЫҢДАЛДЫ:

6B087, 7M087, 8D087 Агроинженерия кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Аграрлық техника және механикалық инженерия» кафедрасының профессоры Жумагулов Жандос Боранбаевичке берілді.

Ж.Жумагулов 6B087, 7M087, 8D087 Агроинженерия кадрларын даярлайтын ЖОО-мен тығыз байланыста екендігін барлығымен ақылдаса отырып пәндер

таңдалғандығын айтып өтті және төмендегі нұсқаны ұсынды.

«6B08701 – «Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Жоғары математика	5
2	Инженерлік графика	5
3	Тракторлар мен автомобильдер	5
4	Ауылшаруашылық машиналары	6
5	Теориялық механика	6
6	Малшаруашылығын механикаландыру	6
7	Машина-трактор паркін пайдалану	5
8	Материалдар кедергісі	5
9	Машина бөлшектері (ТК)	5
10	Машина жөндеу және сенімділік	5

«6B08702 – Ауылшаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Жоғарғы математика	5
2	Физика	5
3	Электротехниканың теориялық негіздері	7
4	Жылутехниканың теориялық негіздері	6
5	Энергетикалық қондырғылардағы қауіпсіздік техникасы	7
6	Электр машиналары	5
7	Электротехникалық материалтану	6
8	Электрмен жабдықтау	5

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Аграрлық техника және технология» кафедрасының меңгерушісі Каспаков Есеналы Жаксылыкович сөз алып, ЖОО бір-бірімен пікір алмасып жатқандығын, жұмыс барысында туындаған мәселелер талқылануда деп сөзін аяқтады.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Техника және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің доцент м.а. Сарсенов Амангельды Естаевич сөз алып, математика пәні неге жоғары математика деп аталды?-деген сұрақ жолдады. БҚАТУ Ресейдің Мичурин атындағы аграрлық университетімен тығыз қарым-қатынаста екендігін, өздерінде оқытылатын пәндер бойынша ақылдасып, шешім қабылдағандарын айта келе, кейбір пәндер бойынша әлі де ақылдасу және талқылау қажет екендігіне тоқталып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

6B091, 7M091, 8D091 Ветеринария кадрларды даярлау бағыты бойынша сөз

кезегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры Махашов Едилге берілді.

6В091- «Ветеринария» білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар еліміздің 9 ЖОО даярланады. Басты 3 ЖОО арасындағы айырмашылықтар ЖОО компонентінде және кредиттер санында. Біздің ЖООдағы ЖООК енген пәндер басқа ЖОО таңдау компонентіне енгізілген. Сондықтан болашақта пән айырмашылықтары көп болмауы үшін, 3 ЖОО ақылдаса келе келесі пәндерді ұсынамыз.

№	ЖООК/ВК	кр. саны
1	Жануарлар цитологиясы, гистологиясы және эмбриологиясы/ Цитология, гистология и эмбриология животных	5
2	Жануарлар анатомиясы/ Анатомия животных	10
3	Жануарлар биохимиясы/ Биохимия животных	5
4	Жануарлар физиологиясы/ Физиология животных	6
5	Мал шаруашылығы және азықтандыру/Животноводство и кормление животных	6
6	Патологиялық физиология/ Патологическая физиология	6
7	Ветеринариялық гигиена және санитария/ Ветеринарная гигиена и санитария	6
8	Ветеринариялық микробиология және иммунология/ Ветеринарная микробиология и иммунология	10
9	Ветеринариялық вирусология/ Ветеринарная вирусология	5
10	Фармакология 1,2	10
11	Ветеринариялық токсикология және токсикологиялық талдау/ Ветеринарная токсикология и токсикологический анализ	5
12	Жануарлардың патологиялық анатомиясы/ Патологическая анатомия животных	10
13	Жануарлардың ішкі жұқпалы емес аурулары / Внутренние незаразные болезни животных	10
14	Вет. акушерлік және гинекология 1,2/Ветеринарное акушерство и гинекология 1,2	9
15	Ветеринариялық хирургия/Ветеринарная хирургия	13
16	Паразитология және инвазиялық аурулар1,2/Паразитология и инвазионные болезни 1,2	10
17	Індеттану және инфекциялық аурулар / Эпизоотология и инфекционные болезни	10
18	Ветеринариялық - санитариялық сараптау / Ветеринарно-санитарная экспертиза	10
19	Бірыңғай денсаулық тұжырымдамасының негізгі қағидаттары/Основные принципы концепции единого здоровья	4
20	Ветеринариялық істі ұйымдастыру / Организация ветеринарного дела	3
21	Жануарлар мен адамның жұқпалы ауруларын кешенді басқару (бірыңғай денсаулық) /Интегрированное управление инфекционными заболеваниями животных и человека (Единое здоровье)	5

СӨЗ АЛҒАНДАР:

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Ветеринариялық медицина» кафедрасының меңгерушісі Муханбеткалиев Ерсын Ергазыевич сөз алып, ветеринария факультетімен бірлесе жұмыс атқарылып жатқандығын, жұмыс барысында туындап жатқан мәселелер талқылануда, жұмыс жүргізіліп жатыр деп өз сөзін тұжырымдады.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Ветеринария және биоқауіпсіздік» жоғары мектебінің жетекшісі, Мурзабаев Кенжебек Есмагамбетовичке сөз кезегі берілді.

Ол өз сөзінде бірлесіп жұмыс жүргізіліп жатқандығын, міндетті пәндер тізімін талқылап жатқандығын айта кетті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

Оқу-әдістемелік бірлестігі-Жобаларды басқару топтары кеңесі күн тәртібіндегі бірінші сұрақты талқылай келе, сектор мүшелерінің ұсыныстары ескерілсін, кадрларды баярлау бағыттары бойынша факультетте жұмыс тобы құрылып, талқыланып, 1 (бір) айдан кейін қайта талқылауға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша сөз ОӘБ-нің хатшысы Ж.Кенжебековаға берілді.

Отырысқа қатысушыларды хатшы Ж.Кенжебекова оқу – әдістемелік бірлестігіне 1 оқулық түскендігін, сарапшы қорытындысы оң пікір берсе де, антиплагиат жүйесінен өтпегендіктен өндеуге қайтарылғандығын айтке кетті.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Оқу-әдістемелік бірлестігінің қарастыруына түскен оқулық қолжазбалары өндеуге қайта жіберілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әр түрлі мәселелер бойынша:

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ құрамын бекіту ОӘБ-ЖБТ төраға орынбасары А.Қайырбаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ЖБТ құрамын жаңалау мақсатында аграрлық бағытта кадрлар даярлайтын ЖОО-на хат жолданғанын, ЖОО ұсыныстары негізінде дайындалған құрамды ОӘБ-ЖБТ төралқасы талқылап, бекітуге болатындығын айтты. ЖБТ құрамына университетіміздің декандары, ЖОО проректорлары, өзіміздің университеттен 78, басқа ЖОО 73 оқытушы, ҒЗИ -20, өндіріс орнынан 66 қызметкер ЖБТ құрамына енгізілген (ОӘБ-ЖБТ құрамы тіркелді).

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік -Жобаларды басқару тобының құрамы бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:


«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту

Төраға орынбасары А.Қайырбаева РОӘК ОӘБ-ның жұмыс жоспарына өзекті мәселелерді енгізу мақсатында сектор жетекшілерімен отырыс ұйымдастырылып, жоспарда Оқу-әдістемелік бірлестік – Жобаларды басқару топтарының жұмысына қатысты мәселелер толығымен қамтылғанын айтты (жоспар хаттамаға қоса тіркелді).

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.

Жобаларды басқару топтарының администраторы –
оқу-әдістемелік бірлестік хатшысы



Ж. Кенжебекова

ОӘБ-ЖБТ төраға орынбасары
Академиялық мәселелер жөніндегі
Атқарушы директор



А. Қайырбаева